

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Басқармасының

2008 жылдың 19 мамырындағы  
№ 66/0 шешімімен

**Б е к і т і л д і**

2008 жылдың 01 қаңтарынан бастап

**Қолданысқа енгізілді**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің  
белсенділік көрсеткіштерін есептеу

**Ә Д І С Т Е М Е С І**

---

---

Алматы қ.

2008

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы № 30/0 шешімімен бекітілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің белсенділік көрсеткіштерін есептеу Әдістемесінің 13-1 тармағындағы "мерзімдері ұзартылмаған, репо операцияларына ғана жататын" деген таңбалар бөлігіндегі толықтыру нормаларынан басқа (олар "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелерінің 2008 жылдағы белсенділік көрсеткіштерін есептеуде қолданылмаған), 2009 жылдың 23 ақпанынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2009 жылдың 09 қарашасындағы № 313 шешімімен бекітілді;
- 2009 жылдың 09 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы № 22 шешімімен бекітілді;
- 2010 жылдың 21 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 4. № 4 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді (2011 жылдың 27 маусымындағы № 102 отырыс хаттамасы);
- 2011 жылдың 01 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) мүшелерінің белсенділік көрсеткіштерін есептеу шарттары мен тәртібін анықтайды, бұл көрсеткіштер Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған түрлі мақсаттарда қолданылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2011 жылдың 27 маусымындағы шешімімен өзгертілді)*.

### 1 тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы Әдістемеді Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар қолданылған.
2. Әдістеменің мақсаттары үшін:
  - 1) биржалық нарық деп, Биржа басқаратын және қызмет көрсететін, Қазақстан Республикасының ұйымдастырылған нарығын түсіну керек *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 2) акция деп кез келген эмиссиялық үлестік бағалы қағаздарды түсіну керек; корпоративтік облигациялар деп кез келген, мемлекеттік бағалы қағаздар және халықаралық ұйымдардың бағалы қағаздары (облигациялары) болып табылмайтын, эмиссиялық борыштық бағалы қағаздарды түсіну керек *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*;
  - 3) қандай да бір Биржа мүшесінің биржалық нарықтың қандай да бір секторындағы нәтижелі сауда-саттық күні деп осы Биржа мүшесінің аталмыш биржалық нарықтың аталмыш секторында, артынша орындалған, кемінде бір мәміле жасасқан сауда-саттық күнді түсіну керек *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
3. Белгілі бір Биржа мүшесінің биржалық нарықтың қандай да бір секторындағы белсенділігі, осы Әдістеменің 2 тарауына сәйкес есептелетін,  $K_a$  көрсеткішімен сипатталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
4.  $K_a$  белсенділік көрсеткіші, Биржа өз мүшелерінің биржалық нарықтың жеке секторларындағы белсенділік рэнкингін құрастыратын белгісі болып табылады.  $K_a$  белсенділік көрсеткішінің ең үлкен мәні рэнкингтегі бірінші орынға, ал ең кіші мәні – соңғы орынға сәйкес Биржа Басқармасы биржалық нарықтың қандай да бір секторларында аталмыш рэнкингтерді құрастыруды тоқтатуды ұйғаруға құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген және Биржа Басқармасының 2011 жылдың 27 маусымындағы шешімімен толықтырылған)*.
5. Биржалық нарықтың қандай да бір секторында қандай да бір кезеңдегі белсенділік көрсеткіші осы секторға сәйкес санат бойынша:
  - 1) осы кезеңнің ұзақтылығы үш айдан аспағанда, осы кезеңнің ұзақтылығынан (күнтізбелік күнде) 70 %-дан;
  - 2) осы кезеңнің ұзақтылығы үш айдан алты айға дейін болса, осы кезеңнің ұзақтылығынан (күнтізбелік күнде) 60 %-дан;
  - 3) осы кезеңнің ұзақтылығы алты ай және одан көп болса, осы кезеңнің ұзақтылығынан (күнтізбелік күнде) 50 %-данкем уақыт (осы Әдістеменің 6 тармағымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) Биржа мүшесі болып табылған ұйымдар үшін есептелмейді *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі үшін белсенділік көрсеткіші есептелмейді, себебі оның биржалық нарыққа қатысу мақсаттары басқа Биржа мүшелерінің мақсаттарынан өзгеше *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы және 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген)*.
7. Биржа мүшелерінің белсенділік көрсеткішін есептегенде:
  - 1) бағалы қағаздардың бастапқы нарығында жасалған мәмілелер;
  - 2) мемлекеттік акциялар пакетін сатып алу - сату мәмілелері;

- 3) *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2009 жылдың 09 қарашасындағы шешімімен алып тасталған);*
- 4) тікелей мәмілелер ("тікелей" тәсілмен<sup>1</sup> жүзеге асырылған репо операцияларына жататын тікелей мәмілелерден басқа);
- 5) орындалмаған мәмілелер *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген);*
- 6) валюталық своп операцияларымен аяқталатын (жабылатын), шетел валюталарымен жасалатын мәмілелер *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен енгізілген);*
- 7) репо операцияларын ашылу мәмілелері *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен енгізілген);*
- 8) мерзімі ұзартылған репо операцияларының жабылу мәмілелері *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен енгізілген);*
- 9) арнайы мамандандырылған сауда-саттық шегінде жасалған мәмілелер есепке ескерілмейді *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).*

## 2 тарау. БЕЛСЕНДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІН ЕСЕПТЕУ

8. Белгілі бір Биржа мүшесінің шетел валюталарын сатып алу - сату секторында қандай да бір кезеңге белсенділік көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_a = P + 0,3N + 0,8D, \text{ мұнда}$$

- P – осы Әдістеменің 12-1 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің шетел валюталарын сатып алу – сату секторындағы нетто-жайғасымы;
- N – осы Әдістеменің 14 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің шетел валюталарын сатып алу – сату секторында жасаған мәмілелер саны;
- D – осы Әдістеменің 15 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің шетел валюталарын сатып алу - сату секторындағы нәтижелі сауда-саттық күндер санының көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы және 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген).*

- 8-1. Белгілі бір Биржа мүшесінің валюталық своп операциялары секторында қандай да бір кезеңге белсенділік көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$V_a = V + 0,3N + 0,8D, \text{ мұнда}$$

- V – осы Әдістеменің 13 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің валюталық своп операциялары секторында жасалған мәмілелер көлемі;
- N – осы Әдістеменің 14 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің валюталық своп операциялары секторында жасалған мәмілелер санының көрсеткіші;
- D – осы Әдістеменің 15 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің валюталық своп операциялары секторындағы нәтижелі сауда-саттық күндер санының көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).*

9. Белгілі бір Биржа мүшесінің мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу – сату секторында қандай да бір кезеңге белсенділік көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_a = V + N + D, \text{ мұнда}$$

<sup>1</sup> Бұл мәмілелер Биржа мүшесінің репо операциялары нарығындағы белсенділік көрсеткішін есептеуде ескеріледі.

- V – осы Әдістеменің 13 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу – сату секторында жасалған мәмілелер көлемінің көрсеткіші;
- N – осы Әдістеменің 14 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу – сату секторында жасалған мәмілелер санының көрсеткіші;
- D – осы Әдістеменің 15 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу – сату секторындағы нәтижелі сауда-саттық күндер санының көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

10. Белгілі бір Биржа мүшесінің акцияларды сатып алу – сату секторында қандай да бір кезеңге белсенділік көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_a = 0,8V + N + D + A, \text{ мұнда}$$

- V – осы Әдістеменің 13 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің акцияларды сатып алу – сату секторында жасалған мәмілелер көлемінің көрсеткіші;
- N – осы Әдістеменің 14 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің акцияларды сатып алу – сату секторында жасалған мәмілелер санының көрсеткіші;
- D – осы Әдістеменің 15 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің акцияларды сатып алу – сату секторындағы нәтижелі сауда-саттық күндер санының көрсеткіші;
- A – осы Әдістеменің 16 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің акцияларды сатып алу – сату секторында мәміле жасасқанда қолданған сауда-саттық шоттары санының көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

11. Белгілі бір Биржа мүшесінің корпоративтік облигацияларды сатып алу – сату секторында қандай да бір кезеңге белсенділік көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_a = V + N + D + 0,8A, \text{ мұнда}$$

- V – осы Әдістеменің 13 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің корпоративтік облигацияларды сатып алу – сату секторында жасалған мәмілелер көлемінің көрсеткіші;
- N – осы Әдістеменің 14 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің корпоративтік облигацияларды сатып алу – сату секторында жасалған мәмілелер санының көрсеткіші;
- D – осы Әдістеменің 15 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің корпоративтік облигацияларды сатып алу – сату секторындағы нәтижелі сауда-саттық күндер санының көрсеткіші;
- A – осы Әдістеменің 16 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің корпоративтік облигацияларды сатып алу – сату секторында мәміле жасасқанда қолданған сауда-саттық шоттары санының көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

- 11-1. Белгілі бір Биржа мүшесінің мерзімдік контракттар саудасы секторында қандай да бір кезеңге белсенділік көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_a = 0,2V + N + D + A, \text{ мұнда}$$

- V – осы Әдістеменің 13 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің корпоративтік облигацияларды сатып алу – сату секторында жасалған мәмілелер көлемінің көрсеткіші;

- N – осы Әдістеменің 14 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің корпоративтік облигацияларды сатып алу – сату секторында жасалған мәмілелер санының көрсеткіші;
- D – осы Әдістеменің 15 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің корпоративтік облигацияларды сатып алу – сату секторындағы нәтижелі сауда-саттық күндер санының көрсеткіші;
- A – осы Әдістеменің 16 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің корпоративтік облигацияларды сатып алу – сату секторында мәміле жасасқанда қолданған сауда-саттық шоттары санының көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2011 жылдың 27 маусымындағы шешімімен енгізілген).*

12. Белгілі бір Биржа мүшесінің репо операциялары секторында қандай да бір кезеңге белсенділік көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$K_a = V + N + 0,8D + 0,5A, \text{ мұнда}$$

- V – осы Әдістеменің 13 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің репо операциялары секторында жасалған мәмілелер көлемінің көрсеткіші;
- N – осы Әдістеменің 14 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің репо операциялары секторында жасалған мәмілелер санының көрсеткіші;
- D – осы Әдістеменің 15 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің репо операциялары секторындағы нәтижелі сауда-саттық күндер санының көрсеткіші;
- A – осы Әдістеменің 16 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің репо операциялары секторында мәміле жасасқанда қолданған сауда-саттық шоттары санының көрсеткіші.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы және 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

12-1. Биржа мүшесінің шетел валюталарын сатып алу – сату секторындағы қандай да бір кезеңге нетто-жайғасымының көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі:

$$P = \frac{P'}{P'_{\max}}, \text{ мұнда}$$

- P' – осы Әдістеменің 16-1 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің шетел валюталарын сатып алу – сату секторында осы кезеңге сыбағалы нетто-жайғасымы;
- P'\_{\max} – аталмыш кезең бойы шетел валюталарын сатып алу – сату секторында мәміле жасауға қатысқан Биржа мүшелерінің әрқайсысына есептелген тиісті мәндердің (P') сыбағалы нетто-жайғасымдардың ең үлкен мәні.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен енгізіліп, Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

13. Биржа мүшесінің биржалық нарықтың қандай да бір секторында қандай да бір кезеңге мәмілелер көлемінің көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген):*

$$V = \frac{V'}{V'_{\max}}, \text{ мұнда}$$

- V' – осы Әдістеменің 17 бабына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің биржалық нарықтың осы секторында осы кезеңге жасалған мәмілелердің сыбағалы көлемі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген);*
- V'\_{\max} – биржалық нарықтың осы секторында жасалған мәмілелерге қатысқан Биржа мүшелерінің әрқайсысына осы кезеңге есептелген, сыбағалы көлемінің (V') ең

үлкен мәні (осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).

- 13-1. (Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен енгізіліп, Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен алып тасталған).
14. Белгілі бір Биржа мүшесінің ұйымдастырылған биржалық нарық секторында қандай да бір кезеңге жасалған мәмілелер санының көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі (осы абзац Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы және 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімдерімен өзгертілген):

$$N = \frac{N'}{N'_{\max}}, \text{ мұнда}$$

$N'$  – осы Әдістеменің 17 тармағына сәйкес есептелген, Биржа мүшесінің биржалық нарықтың осы секторында осы кезеңге жасалған мәмілелерінің сыбағалы саны (осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген);

$N'_{\max}$  – биржалық нарықтың осы секторында осы кезеңде жасалған мәмілелерге қатысқан Биржа мүшелерінің әрқайсысына есептелген, мәмілелердің сыбағалы санының ( $N'$ ) ең үлкен мәні (осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).

15. Белгілі бір Биржа мүшесінің биржалық нарықтың қандай да бір секторында қандай да бір кезеңге нәтижелі сауда-саттық күндер санының көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі (осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген):

$$D = \frac{D'}{D'_{\max}}, \text{ мұнда}$$

$D'$  – осы Әдістеменің 17 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің биржалық нарықтың осы секторында осы кезеңге нәтижелі сауда-саттық күндердің сыбағалы саны (осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген);

$D'_{\max}$  – биржалық нарықтың осы секторында осы кезеңде жасалған мәмілелерге қатысқан Биржа мүшелерінің әрқайсысына есептелген, нәтижелі сауда-саттық күндердің сыбағалы санының ең ( $D'$ ) ең үлкен мәні (осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).

16. Белгілі бір Биржа мүшесінің биржалық нарықтың қандай да бір секторында қандай да бір кезеңге сауда-саттық шоттар санының көрсеткіші мынадай формуламен есептеледі (осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген):

$$A = \frac{A'}{A'_{\max}}, \text{ мұнда}$$

$A'$  – осы Әдістеменің 17 тармағына сәйкес есептелетін, Биржа мүшесінің биржалық нарықтың осы секторында осы кезеңге сауда-саттық шоттарының сыбағалы саны (осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген);

$A'_{\max}$  – биржалық нарықтың осы секторында осы кезеңде жасалған мәмілелерге қатысқан Биржа мүшелерінің әрқайсысына есептелген, сауда-саттық шоттарының сыбағалы санының ең ( $A'$ ) ең үлкен мәні (осы абзац Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).

- 16-1. Белгілі бір Биржа мүшесінің қандай да бір кезеңдегі шетел валютасын сатып алу – сату секторындағы сыбағалы нетто-жайғасымы ( $P'$ ) осы Биржа мүшесінің осы биржалық нарық секторындағы осы кезеңдегі күндізгі нетто-жайғасымының сомасын (қазақстандық теңгеде) осы кезеңдегі бұл ұйымның шетел валютасымен сауда-саттыққа қатысу құқығымен Биржа мүшесі болған күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.



Қандай да бір сауда-саттық күндегі белгілі бір Биржа мүшесінің күндізгі нетто-жайғасымы мынадай формуламен есептеледі:

$$D_d = \sum_{i=1}^n |O_i - C_i|, \text{ мұнда}$$

- $D_d$  – қандай да бір сауда-саттық күндегі осы мүшенің күндізгі нетто-жайғасымы;  
 $n$  – Биржадағы айналысқа жіберілген шетел валютасы атауының саны;  
 $Q_i$  – Биржаның осы мүшесінің теңгедегі  $i$ -лік атаулыдағы шетел валютасы бойынша сол күндегі Биржа алдындағы міндеттемесі;  
 $C_i$  – Биржаның осы мүшесінің теңгедегі  $i$ -лік атаулыдағы шетел валютасы бойынша сол күндегі Биржа алдындағы талабы.

$i$  атаулыдағы валютамен мәміле бойынша есептеу валютасы теңгеден өзге валюта болған жағдайда,  $O_i$  ( $C_i$ ) осы Биржа мүшесінің есептесу валютасындағы міндеттемесін (талабын) осы мәміле жасалған күні қолданыста болған валютаның теңгеге шаққандағы орташа сараланған биржалық курсына көбейту арқылы есептеледі.

Биржа мүшесі орындалу мерзімі әртүрлі мәмілелерді жасаған жағдайда, ондай мәмілелер бойынша міндеттемелер мен талаптар тек оларды орындау күндері ғана (есептесуді жүзеге асыру күндері) ескеріледі.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен енгізілген және 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

17. Қандай да бір кезеңдегі қандай да бір биржалық нарық секторындағы белгілі бір Биржа мүшесіне арналған  $V'$  сыбағалы өлшемі осы Биржа мүшесінің осы кезеңдегі биржалық нарық секторындағы жасаған мәмілелердің жиынтық көлемін (қазақстандық теңгеде) осы кезең барысында бұл ұйымның биржалық нарықтың осы секторына сәйкес келетін санат бойынша Биржа мүшесі болған күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

Қандай да бір кезеңдегі қандай да бір биржалық нарық секторында белгілі бір Биржа мүшесіне арналған  $N'$  сыбағалы өлшемі осы Биржа мүшесімен осы кезеңде осы биржалық нарық секторында жасалған мәмілелердің жалпы санын (данада) осы кезең барысында бұл ұйымның биржалық нарықтың осы секторына сәйкес келетін санат бойынша Биржа мүшесі болған күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

Қандай да бір кезеңдегі қандай да бір биржалық нарық секторында белгілі бір Биржа мүшесіне арналған  $D'$  сыбағалы өлшемі осы кезеңдегі осы биржалық нарық секторындағы осы Биржа мүшесіне арналған нәтижелік күндердің жалпы санын (күндерде) осы кезең барысында бұл ұйымның биржалық нарықтың осы секторына сәйкес келетін санат бойынша Биржа мүшесі болған күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

Қандай да бір кезеңдегі қандай да бір биржалық нарық секторында белгілі бір Биржа мүшесіне арналған  $A'$  сыбағалы өлшемі осы кезеңде осы биржалық нарық секторында осы Биржа мүшесімен операцияланған сауда шоттарының жалпы санын (данада) осы кезең барысында бұл ұйымның биржалық нарықтың осы секторына сәйкес келетін санат бойынша Биржа мүшесі болған күнтізбелік күндер санына бөлу арқылы есептеледі.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген).*

18. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен толықтырылған және өзгертілген, Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен алып тасталған).*
- 18-1. «Көрсеткіш» ұғымы  $P$ ,  $V$ ,  $N$ ,  $D$  және  $A$  өлшемдеріне қатысты тек осы Әдістеме мақсаттары үшін қолданылады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен енгізілген).*

### 3 тарау. ЕРЕКШЕ ШАРТТАР

19. Бір мәртелік сипаттағы аса ірі мәмілелердің белгілі бір Биржа мүшесі белсенділігінің мәніне әсер етуін болдырмау мақсатында, ол осы көрсеткішті есептеу кезінде аталмыш



Биржа мүшесімен жасалған, көлемі осы Әдістеменің 20 тармағына сәйкес есептелінетін  $V_{lim}$  өлшемінен артылатын мәмілелерді алып тастауға құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

20. Қандай да бір кезеңдегі қандай да бір биржалық нарық секторына қатысты  $V_{lim}$  өлшемі мынадай формула бойынша есептеледі;

$$V_{lim} = \bar{V} + 3\delta, \text{ мұнда:}$$

$\bar{V}$  – осы кезеңде осы биржалық нарық секторында қазақстандық теңгеде жасалған барлық мәмілелер көлемінің орташа арифметикалық мәні;

$\delta$  – осы кезеңде осы биржалық нарық секторында барлық мәмілелер санынан осы мәмілелер көлемінің орташа арифметикалық мәнінен бастап кез келген мәміле көлемінің орташа квадраттық ауытқуы.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен өзгертілген)*.

21. Бейнарықтық сипаттағы жеке мәмілелердің белгілі бір Биржа мүшесінің белсенділігі көрсеткішінің мәніне әсер етуін болдырмау мақсатында, ол осы көрсеткішті есептеу кезінде осы Биржа мүшесімен жасалған, Биржаның пікірінше:

1) өзінің мәні жағынан (соның ішінде өз бағасының деңгейі жағынан) нарықтық болып табылмайтын;

2) осы Биржа мүшесі үшін мәмілелер көлемінің, мәмілелер санының және сауда шоттары санының көрсеткіштерін жасанды (қасақана) арттыру мақсатында жасалған;

3) осы Биржа мүшесі трейдерінің анық техникалық қателіктерінің нәтижесінде жасалған мәмілелерді алып тастауға құқылы.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*.

22. Биржаның ақпарат және талдау департаменті Департаментке жетекшілік ететін Биржа Басқармасы мүшесінің келісімімен және мақұлдауымен осы Әдістемеді белгіленген Биржаның қызметтері мен өкілділігін жүзеге асырады.

Биржаның ақпарат және талдау департаментіне жетекшілік ететін Биржа Басқармасының мүшесі қандай да бір кезеңдегі Биржаның ең белсенді мүшелерін олардың атауларын жариялағанға дейін анықтау мақсатында (осы тармақтың үшінші абзацымен белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып), Биржа Басқармасының өзге де мүшелерінің қатысуымен мәжілісті жинауға немесе Биржа Басқармасы мәжілісін (оның ережелеріне сәйкес) жинау үшін сұрау салуға құқылы.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2010 жылдың 21 қаңтарындағы шешімімен алып тасталған)*.

*(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2009 жылдың 23 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*.

Президент

А.М. Жолдасбеков